

**Акыжанова Айнур Шаймуратовна**  
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагогика ғылымының магистрі  
№30 ЖББ мектебі, Қарағанды қ.  
[a.akyzhanova@mail.ru](mailto:a.akyzhanova@mail.ru)

## **ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ОРЫС ТІЛДІ МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ НӘТИЖЕГЕ ЖЕТУ**

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі олардың білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл бастамалармен үндесіп отыр [1; 186].

Үшінші мыңжылдық - құзыреттілік білім беру жағдайында оқытушының инновациялық даярлығын қажет ететін, жаңа формацияның мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің кезеңі.

Инновациялық үрдіс - білім беру жүйесін жаңарту және дамыту ғана емес, қоғамның, Қазақстанның өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында жаңа қоғамның, жаңа әлемнің жаңа мұғалімі қажеттілігінен туындаған үрдіс.

Технология - бұл қандай да бір істе, өнерде қолданатын амал-тәсілдердің жиынтығы, дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі [2; 16-47беттер].

Оқытуда педагогикалық технология - тұтас педагогикалық үрдісінің мақсатына жету үшін білім алушы мен оқытушыға бірдей қолайлы жағдай тудыра отырып, заманауи оқу құрал-жабдықтарын, әдістемелік кешендерді жүйелі пайдалануды көздейтін білім алушы мен оқытушының бірлескен іс-

әрекетін жобалаудың жан-жақты ойластырған жүйесі. Оқытушының инновациялық даярлығы - оқытушының инновациялық педагогикалық

технологияны меңгеруі және оның өз іс-тәжірибесінде пайдалана алуына қажетті жаңа білім, білік, дағдыны меңгеруі.

Еліміздің білім беру саласында соңғы жылдары өз нәтижесін бере бастаған инновациялық технологиялар баршылық. Соның ішінде ҰҚК Академиясының оқу үдерісінде қолданылып, тәжірибеге енгізіліп жатқан жеті технологияны атап айтқымыз келеді:

- ✓ проблемалық оқыту технологиясы;
- ✓ кері байланыс технологиясы;
- ✓ жобалап оқыту технологиясы;
- ✓ интерактивті оқыту технологиясы;
- ✓ ойын технологиясы;
- ✓ қатысымдық оқыту технологиясы;
- ✓ модульдік оқыту технологиясы.

Қазіргі жаңа технологиялардың алдына қоятын мақсаты – тіл үйренушілердің дербес ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше ізденуін, шығармашылығын арттыруды көздейді [3; 64-77беттер].

Компьютерлерді пайдалану қайталанатын жаттығуларды орындау үшін және тез арада кері байланысты қамтамасыз ету үшін өте жақсы деп санауға болады, ойын элементтерін пайдалану арқылы тіл үйренуге қызығушылықтарын арттырады, ал Интернет оқушыларға кез-келген уақытта басқа оқушылармен синхронды түрде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сабақ – мақсат қою мен мақсатты жүзеге асыру үдерістерін орындау барысы екені мәлім. Ал, мақсат – адам болашақта белгілі бір іс-әрекет негізінде қол жеткізетін алдын-ала жоспарланған нәтиже [4; 11-14беттер].

Осы айтылған бағытта орыс тілді мектепте «қазақ тілі», «қазақ тілі мен әдебиеті» сабақтарында «**Wordwall**» платформасында (басқа да платформаларда да) әртүрлі

тапсырмалар дайындап отырамын, осы пәндерге арналған оқу ресурсы бар. Бұл тапсырмаларға арнайы сілтемелер және QR-кодпен сканерлеу арқылы кіруге болады. (Қосымша №1). Бұл платформа арқылы әртүрлі тапсырмаларды ойын түрінде де орындауға болады. Осы платформада құрастырған келесідей тапсырма түрлері: «сәйкестендіру», «орын ауыстыру», «анаграмма», «түсіп қалған сөз», «жұбын табу», «жәшікті ашыңыз», «ойын шоуы» викторинасы, «кездейсоқ барабан», «лабиринттегі жарыс», «самолет», «кездейсоқ карталар», «ретке келтіру» [6]. Ақпараттық білім негізінде оқытудағы оқу қызметінің басты элементі – өз бетімен жұмыс істей білу. Ал, әдістемесінің ерекшелігі – тіл үйренуші қалай болғанда да, тапсырманы өз бетімен орындайды және кез-келген сәтте мұғалімнен қажет көмегін ала алады. Тіл үйренетін оқушы – «дүниежүзілік өрмектегі» кез келген анықтамалық әдебиетті пайдалана алады. Оқушыларға қазіргі ақпараттық технологияны тез қолдану қиынға соқпайды [5; 276]. Қазіргі заманғы мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан – жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт деп ойлаймын.

Өзгетілді аудиторияда қазақ тілін меңгертудегі тиімді әдістің бірі – кері байланыс технологиясы. Кері байланыс технологиясының басты мақсаты – студенттің саналы ішкі рефлексиясын даярлау, сол арқылы қазіргі кездегі маңызды болып саналатын өзбетінше тілді үйрену, бәсекеге қабілетті маман болу, тез арада шешім қабылдай білу, жылдамдық сияқты қабілеттерін дамыту. Кері байланыс, немесе рефлексияны әрбір практикалық сабақта пайдалана беруге де болады. Мәселен, әрбір білім алушының сабақтың соңында өзіне қажетті мәліметті қаншалықты меңгергенін білуде рефлексияның маңызы жоғары. Бұл жерде сабақты оқытушы қорытындылап бағаламайды, білім алушылар өздері қорытып, өз білімдерін өздері бағалап отырады. «Таңдау әдісі» бойынша білім алушыларға сабақтың бітуіне он бес минут қалғанда карточка таратылып беріледі. Ол карточкада төмендегідей білім алушының сабаққа қатысу деңгейі мен ынтасын және оқу материалын, яғни қанша жаңа сөз игергенін анықтайтын сөйлемдердің тұсына «+» белгісін қою тапсырылады:

- Мен сабақты қызықты \_\_\_\_, қызықсыз \_\_\_\_ болды деп ойлаймын.
- Мен сабақта көп жаңа сөздерді үйрендім \_\_\_\_, үйренген жаңа сөздерім аз болды \_\_\_\_.
- Мен басқаларды мұқият \_\_\_\_, зейінсіз \_\_\_\_ тыңдадым.
- Мен пікірсайыстарға жиі \_\_\_\_, сирек \_\_\_\_ қатыстым.
- Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын \_\_\_\_, риза емеспін \_\_\_\_.

Нақтырақ айтқанда, ғылымның, техниканың, ақпараттық технологияның дамуына байланысты келген әр түрлі инновацияны оқу үрдісіне енгізе отырып отандық инженерлік білім берудің мақтаншы мен игілігі – тереңдетілген дайындықты сақтап қана қоймай, күшейту керек екендігі белгілі [7].

Сөз соңында, К. Ушинскийдің: «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз жетілдіріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады», - деген сөзімен үздіксіз ізденісімізді тоқтатпай жалғастыра берейік демекпін.

Мұғалім жан-жақты, білімді, заман ағымына сай жаңашыл ұстаз болуы қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015. –180 б.
2. Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл//№2, 5, 2011.
3. Бұзаубақов К.Ж. Жаңа инновациялық технология. – Тараз: ТарМУ, 2003, 208 б.
4. Информатика негіздері. – № 1. – 2010. – Б. 11-14.
5. К.Құдайбергенова «Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі»
6. <https://wordwall.net/ru/resource/39017380>
7. ҚР білім беруді дамығудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

Құрастырылған оқу ресурстары



<https://wordwall.net/ru/resource/39017380>



<https://wordwall.net/ru/resource/61234439>



<https://wordwall.net/ru/resource/54684917>



<https://wordwall.net/ru/resource/53022759>



<https://wordwall.net/ru/resource/61460149>



<https://wordwall.net/ru/resource/39017380>



<https://wordwall.net/ru/resource/52918150>



<https://wordwall.net/ru/resource/52917709>



<https://wordwall.net/ru/resource/52411789>



<https://wordwall.net/ru/resource/53022759>